

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

### *Күші жойғал*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 наурыздағы N 233 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 140 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 27.03.2017 № 140 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н  
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 27 наурыздағы  
N 233 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1880 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 512-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Мусин - Қазақстан Республикасы Премьер-Аслан Есболайұлы Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, төраға

Сабдалин - Қазақстан Республикасының Төтенше Абылай Қиялұлы жағдайлар вице-министрі, төрағаның орынбасары

Әріпханов - Қазақстан Республикасының Еңбек Айдар Әбдіразақұлы және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Омаров - Қазақстан Республикасының  
Қадыр Тоқтамысұлы Денсаулық сақтау вице-министрі  
Сұлтанов - Қазақстан Республикасының Қаржы  
Бақыт Тұрлыханұлы вице-министрі  
Әбдімомынов - Қазақстан Республикасының Білім  
Азамат Құрманбекұлы және ғылым вице-министрі  
Мәшкеев - Қазақстан Республикасы Денсаулық  
Батырбек Әукенұлы сақтау министрлігі Фармация  
комитетінің төрағасы

көрсетілген құрамнан Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы, Қуандықов Болатбек Баянұлы, Өтеулина Хафиза Мұхтарқызы, Пак Лариса Юн-Боевна, Ақанов Айқан Ақанұлы, Смайылов Әлихан Асханұлы, Үмбетәлиев Мәди Тоқтарұлы шығарылсын.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.24 N 1239 Қаулысымен.
3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 453 Қаулысымен.
4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048 Қаулысымен.
5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 453 Қаулысымен.

6. "Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын бюджеттік инвестициялық жобалар құнының қымбаттауы мәселелері жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 764 қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын бюджеттік инвестициялық жобалар құнының қымбаттауы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Мусин - Қазақстан Республикасы Премьер-  
Аслан Есболайұлы Министрінің орынбасары - Экономика  
және бюджеттік жоспарлау министрі,  
төраға

Супрун - Қазақстан Республикасының  
Виктор Васильевич Экономика және бюджеттік жоспарлау  
вице-министрі, төрағаның орынбасары

Сұлтанов - Қазақстан Республикасының Қаржы  
Бақыт Тұрлыханұлы вице-министрі

көрсетілген құрамнан Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы, Палымбетов Болат Әбілқасымұлы, Смайылов Әлихан Асханұлы шығарылсын.

